

Жаңа көшеге атау беру туралы

Жамбыл облысы Байзақ ауданы Жаңатұрмыс ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 8 қазандағы № 54 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 25 қазанда № 3972 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсанындағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2018 жылғы 4 қыркүйектегі қорытындысы негізінде және тиісті аумақтық халқының пікірін ескере отырып, Жаңатұрмыс ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жаңатұрмыс ауылдық округінің Қайнар ауылындағы жаңа көшеге "Бірлік" атауы берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарына мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

М.Қилыбаев